



Акушерлік және гинекология кафедрасы

044-34/

Жұмыс оқу бағдарламасы

1стр. из 24

**«Оңтүстік Қазақстан Медицина Академиясы» АҚ**

**жанындағы медицина колледжі**

**« Бекітемін»**

**Медицина колледжінің директоры**

**М.А. Отыншиев**



**2018ж**

**ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Пән: «Акушерия мен гинекологиядағы мейіргер ісі»**

**Мамандығы-0302000 «Мейіргер ісі»**

**Біліктілігі-0302033 «Жалпы практика мейіргері»**

**Курс: 4**

**Семестр: VII, VIII**

**Сағат саны: 156**

**Теория:42**

**Тәжірибе: 114**

**Шымкент 2018ж.**



Акушерлік және гинекология кафедрасы

044-34/

Жұмыс оқу бағдарламасы

2стр. из 24

Жұмыс оқу бағдарламасы ҚР ЖМББСмен үлгілік кәсіптік оқу бағдарламасына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР ДСЖӘД министрінің 29.07.2016ж №661 бұйрығына сәйкес және ҚР ДС министрінің 05.08.2010ж. №604 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасы негізінде құрастырылды.

Кафедра мәжілісінде талқыланып және мақұлданды.

Хаттама № 1 « 28 » 08. 2018 ж

Кафедра меңгерушісі м.ғ.к., доцент м.а. Р.Тлеу Тлеужан Р.Т.

«ОҚМА» АҚ жанындағы медицина колледжінің

әдістемелік кеңестің мәжілісінде қаралды және бекітілді.

№ 1 хаттама « 31 » 08 2018ж

Әдістемелік кеңес төрайымы Джуманкулова Н.Р

Дайындағандар: оқытушы Коптаева А.К

оқытушы м.ғ.м Тулкибаева Р.Н



## Мазмұны

1. Түсіндірме жазба .....4
2. Пәнді оқытудың жоспарлы нәтижелері.....5
3. Пәннің мазмұны және тақырыптық жоспары .....6, 7
4. Білім беру үрдісін ұйымдастыру және жүзеге асыруға қойылатын талаптар.....17
5. Жоспарланған білім беру нәтижесін бақылау.....17
6. Ұсынылған әдебиеттер және оқыту құралдары.....18



## 1.Түсіндірме жазба

Жұмыс оқу бағдарламасы ҚР ЖМББСмен үлгілік кәсіптік оқу бағдарламасына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР ДСЖӘД министрінің 29.07.2016ж №661 бұйрығына сәйкес және ҚР ДС министрінің 05.08.2010ж. №604 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасы негізінде құрастырылды.

«Акушерия мен гинекологиядағы мейіргер ісі» пәні «Жалпы практикадағы күтім» модуліне жатады және «Қауіпсіздік пен сапа», «Базалық медбикелік күтім», «Денсаулықты нығайтумен» тығыз байланыста оқытылады және келесі бөлімдерді қамтиды:

- акушериядағы медбике күтімі;
- гинекологиядағы медбике күтімі.

Пәнді оқыту оқушылардың базалық және кәсіптік құзыреттілігін меңгеруді қарастырады.

Оқу курсы екі семестрге жоспарланып, зерделеу сынағы және Мемлекеттік қорытынды аттестациялаумен аяқталады.

**Пәннің мақсаты:** акушерия-гинекология көмегінің жүйесін білетін, қалыпты және патологиялық өзгерістері бар жүкті әйелдерге медико-санитарлық көмегін ұйымдастыра алатын, аурушандық құрылымы мен гинекологиялық науқастарға күтім жасайтын, қатерлі гинекологиялық ісіктерді анықтауда скриннингті жүргізе алатын білікті медбике дайындау.

**Пәннің міндеті:** алдын алу, емдеу- диагностикалық және реабилитация шараларына қатыса отырып гинекологиялық аурулар мен перинаталдық кезеңде көмек көрсету барысында медбикелік үрдістің барлық кезеңдеріне үйрету.



Модуль:

1. « Акушерия мен гинекологиялағы мейіргер ісі»
2. Пәнді оқытудағы жоспарлы нәтижелері

Стандартта жоспарланған білім берудің нәтижелері	Типтік оқу бағдарламасында жоспарланған білім берудің нәтижелері
<p>Студент келесі құзыреттіліктерді игерулері тиіс:</p> <p>Базалық:</p> <p>БК-2. Этика</p> <p>БК2.2. Этикалық принциптер:кәсіптік этикалық қағидаттарын сақтайтынын көрсетеді.</p> <p>БК-3.Коммуникация және командада жұмыс істеу</p> <p>БК 3.1. Коммуникациялық дағдылар: Жағдаяттарды есепке алып, студент әр түрлі адамдармен тиімді қарым- қатынастарын көрсетеді.</p> <p>Кәсіптік:</p> <p>ПК 2. Қауіпсіздік және сапа</p> <p>ПК 2.3. Стандарттар: медициналық қызмет көрсету сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін студент стандарттарға сәйкес шараларды орындауға міндетті .</p> <p>Клиникалық құзыреттілік</p> <p>ПК 3.1 Медбикелік күтім: студент науқас орталығын пайдалана отырып, оның жақындары мен туыстарының қатысуымен медбикелік күтімін іске асыру</p> <p>-Физикальдік тексеру және медбикелік сұхбатын қолдана отырып, науқас туралы мәлімет жинайды;</p> <p>-Зерттеу нәтижесін қарап, науқас мәселесін қалыптастырады;</p> <p>-Медбикелік күтім жоспарын құрастырады;</p> <p>-Медбикелік күтім жоспарын құжаттайды және жүзеге асырады;</p> <p>-Науқас күтудің тиімділігін бағалайды</p> <p>ПК 3.2 Оңалту: тиімді еңбекке жарамды ету негізінде науқастың қызметтік қабілеттілігін жақсартады.</p> <p>ПК 3.3. Дәлелденген медбикелік практика: Күнделікті қызметінде дәлелденген медбикелік практикасын пайдаланады.</p>	<p>Пәнлі оқу нәтижесінде студент тиіс:</p> <p>Білу керек:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Қауіпті факторларды, аурудың клиникалық көрінісін, асқынуын, гинекологиялық аурудың алдын алуды;</li> <li>- Емдеу-диагностикалық процедуралар кезіндегі медбикенің қызметтік міндетін.</li> </ul> <p>Істей білуі керек:</p> <p>Медбикелік үрдісінің барлық сатыларын орындау;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Алғашқы анықтауды өткізу, пациенттің жағдайын анықтау;</li> <li>- Медбикелік іс-шараларды жоспарлау;</li> <li>- Жоспарланған күтімді жүргізу ;</li> <li>-Күтім бойынша ағында және қорытынды жүргізу;</li> <li>-Пациенті зертханалық диагностикаға;</li> <li>-Жұмыскер мен пациентті жұқпалы аурулардан сақтандыру;</li> <li>-Жедел гинекологиялық және акушериялық қиын-қыстау жағдайда алғашқы көмек көрсету;</li> <li>-Медбикенің құзыреттілік кәсіптік аймағында қан аздық (анемия) және емдеу сұрақтары бойынша жүкті әйелге кеңес беру;</li> <li>-Жедел жағдайда босандырып алу.</li> </ul> <p>Қарым-қатынас (тәртіп):</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- науқасты бақылауды жүзеге асырады;</li> <li>- науқаспен сұхбаттасу дағдысына үйретеді;</li> <li>- медициналық интервьюдің құпиялық принциптерін бақылау принциптерін бақылауды жүзеге асырады;</li> <li>- науқастың және оның жақындарының қиналуын және күйзелісін бөліседі.</li> </ul>



## 2. Пәннің мазмұны және тақырыптық жоспары

### 3.1. Тақырыптық жоспар

Бөлімдер мен тақырыптар	Барлығы	Дәріс	Тәжірибе
<b>1. Бөлім. Жалпы түсінік</b>	<b>8</b>	<b>4</b>	<b>4</b>
<b>1.1. Тақырып.</b> Қазақстан Республикасындағы акушерлік-гинекологиялық көмекті ұйымдастыру және құрылымы жөніндегі жалпы түсінік. Босануға көмек көрсететін ұйымдардағы инфекциялық бақылау.	6	2	4
<b>1.2. Тақырып.</b> Әйелдердің әр жастағы анатомо- физиологиялық ерекшеліктері. Репродуктивті денсаулықты сақтаудағы медбикенің ролі.	2	2	-
<b>2. Акушериядағы медбикелік күтім</b>	<b>56</b>	<b>12</b>	<b>44</b>
<b>2.1. Тақырып.</b> Жүктілік физиологиясы. Жүктілікті триместр бойынша жүргізу. Дәлелді медицина негізіндегі тиімді және қауіпсіз перинатальды көмек.	6	2	4
<b>2.2. Тақырып.</b> Жүктілік патологиясы. Ерте кезеңіндегі токсикоз. Гипертензиялық жағдайлар.	6	2	4
<b>2.3 Тақырып.</b> Мерзімінен ерте және мерзімінен ұзарған жүктілік. Жүктілік кезіндегі инфекциялар. Ана мен ұрықтың изосерологиялық қарама-қайшылығы.	4	-	4
<b>2.4. Тақырып.</b> Босанудың физиологиясы: - босану биомеханизмі - кезең бойынша босану ағымы және жүргізу	6	2	4
<b>2.5. Тақырып.</b> Босану патологиясы, кезең бойынша босанудағы ана мен нәрестенің қиын-қыстау жағдайының диагностикасы.	6	2	4
<b>2.6. Тақырып.</b> Нәрестенің бұрыс келуі. Оперативті акушерия.	4	-	4
<b>2.7. Тақырып.</b> Босанғаннан кейінгі кезеңінің физиологиясы мен патологиясы. Босанған ана мен нәрестеге күтім көрсету. Емшекпен емізу.	6	2	4
<b>2.8. Тақырып.</b> Босанғаннан кейінгі септикалық асқынуларда медбикелік күтім ұйымдастыру.	4	-	4
<b>2.9. Тақырып.</b> Жүктілік, босану, босанғаннан кейінгі кезеңдердегі қан кетулер.	8	2	6
<b>2.10. Тақырып.</b> Геморрагиялық шок. Шұғыл көмек, медбикелік күтім.	6	-	6
<b>екологиядағы медбикелік күтім</b>	<b>92</b>	<b>26</b>	<b>66</b>
<b>3.1. Тақырып.</b> Экстрагениталды патология және жүктілік.	6	2	4



3.2. Тақырып. Жанұяны жоспарлау. Контрацепция	6	2	4
3.3. Тақырып. Гормональды контрацепция	6	2	4
3.4. Тақырып. Гинекологиялық ауруларды арнайы тексеру.	6	2	4
3.5. Тақырып. Гинекологиялық ауруларды аспаптық зерттеу	6	2	4
3.6. Тақырып. Гинекологиялық науқастарды емдеу жолдары	6	2	4
3.7. Тақырып. Қатерлі ісік алды аурулары	6	2	4
3.8. Тақырып. Жыныс мүшелерінің қатерлі емес ісіктері.	6	2	4
3.8. Тақырып. Жыныс мүшелерінің қатерлі ісіктері	6	2	4
3.9. Тақырып. Гинекологиядағы іштеспе.	6	2	4
4.0 Тақырып. Гинекологиядағы ота. Ота алдындағы дайындық, отадан кейінгі күтім, медбике үрдісін ұйымдастыру.	6	2	4
4.1. Тақырып. Гинекологиядағы бейспецификалық қабыну аурулары	6	2	4
4.2. Тақырып. Гинекологиядағы спецификалық қабыну аурулары	6	2	4
4.3. Тақырып. Репродуктивті денсаулықты сақтау	4	-	4
4.4. Тақырып. Бедеулік, бедеуліктің түрлері	5	-	5
4.5. Тақырып. Бедеулікті емдеу түрлері, экстракорпоральды ұрықтану.	5	-	5
<b>Барлығы</b>	<b>156</b>	<b>42</b>	<b>114</b>

### 3.2. Пәннің мазмұны.

#### 1 БӨЛІМ. ЖАЛПЫ ТҮСІНІК.

**1.1. Тақырып. Қазақстан Республикасындағы акушерлік- гинекологиялық көмекті ұйымдастыру және құрылымы жөніндегі жалпы түсінік. Босануға көмек көрсететін ұйымдардағы инфекциялық бақылау.**

**№1 дәріс (2 сағат)** Гинекология мен акушерия саласының даму тарихы. Акушерлік- гинекологиялық көмегінің құрылымы. Қала тұрғындарына және ауыл тұрғындарына акушер- гинекологиялық көмек көрсету. Әртүрлі сатыдағы акушер- гинекологиялық көмегінің міндеттері, мақсаты мен құқықтары. Есеп алу-беру құжаттары. Перинаталды күтудің заманауи



талаптары. Әйелдің денсаулығын сақтауда және жүкті әйелге, босанушы және босанған кейінгі анаға күтім көрсетудегі медбикенің ролі мен функционалды міндеттері.

**№1 Тәжірибелік сабақ (4 сағат)** Емханадағы гинекологиялық қарау және акушерлік кабинеттерімен танысу. Босандыру мекемелерінің нормативті құжаттарымен танысу. Гинекологиялық аурулар мен жүкті әйелдерді тексеруге қолданылатын құрал-саймандармен танысу, оларды заласыздандыру мен өңдеу. Акушерлік стационарда нормативке сәйкес санитарлы-гигиеналық және эпидемиологиялық тәртібінің ерекшеліктерімен танысу. Серіктестік босану және «ана мен бала» бірге болу бөлмелерімен танысу.

**Білім алушының түсінігі болу керек:**

- қоғамда акушер-гинекологиялық көмек көрсетудің құрлымы туралы;
- акушерлік стационарда жұмысты ұйымдастыру.

**Білу керек:**

- әйел денсаулығын сақтаудағы медбикенің орны және оның әйелдер кеңесінде қызметтік міндеттерін;
- жүкті әйелдеді қарауға арналған құрал-жабдықтар
- босануға көмек көрсететін мекемелердің санитарлы-гигиеналық тәртібін
- акушерлік-гинекологиялық контингент құжаттары

**Жасай алу керек:**

- гинекологиялық қарауға құрал-жабдықтарды дайындау;
- құрал-жабдықтарды өңдеу;
- жүкті әйелді қабылдау үшін акушер-гинеколог дәрігерінің жұмыс орнын дайындау; (жүкті әйелді қарауға стерильді үстел дайындау, тонометр, акушерлік стетоскоп дайындау)
- акушерлік-гинекологиялық контингенттің анамнезін жинау.

## 1.2. Тақырып. Әйелдердің әр жастағы анатомо-физиологиялық ерекшеліктері.

**Репродуктивті денсаулықты сақтаудағы медбикенің ролі.**

**№2 дәріс (2 сағат)** Әйелдің өмірінің кезеңдері. Әйелдердің әр жастағы анатомо-физиологиялық ерекшеліктері. Балалық, ювенильді, репродуктивті және перименопаузальді кезеңдерінің ерекшеліктері. Етеккір нейрогуморальдық реттеуші. Сүт бездерінің құрылымы мен гормон тәуелді орган ретіндегі функциясы. Етеккір күнтізбелігін жүргізу. Әйелдің жамбасының өлшемдері мен құрылымы. Жетілген ұрықтың басының құрылысы, өлшемі.

**Білім алушының түсінігі болу керек:**

- ана мен баланың денсаулығын сақтау жүйесі;
- әр жастағы репродуктивті жүйенің нейрогуморальдық реттелу ерекшелігі.

**Білу керек:**

- жасқа байланысты физиологиялық репродуктивті жүйесінің өзгеруі;
- балалық кезеңнің ерекшеліктері;
- ювенильді кезеңнің ерекшеліктері;
- репродуктивті кезеңнің ерекшеліктері;
- перименопаузальді кезеңнің ерекшеліктері.

## 2 БӨЛІМ. АКУШЕРИЯДАҒЫ МЕДБИКЕЛІК КҮТІМ.

**2.1. Тақырып. Жүктілік физиологиясы. Жүктілікті триместр бойынша жүргізу. Дәлелді медицина негізіндегі тиімді және қауіпсіз перинатальды көмек.**

**№3 дәріс ( 2 сағат)** Жүктілік физиологиясы. Ұрықтандыру. Имплантация. Ұрық





жұмыртқасының дамуы. Бала жолдасы, қағанақ суы. Жүкті әйелдің ағзасындағы өзгерістер. ҚР нормативтер бойынша әйелдер кеңесінде жүктілік диагностикасы, жүктілікті бақылау тәсілі. Босану алдындағы отбасының психопрофилактикалық дайындығы. Ұрықты перинаталды қорғау туралы түсінік. Әйел кеңесінде жүктілікті бақылау. Құжаттарды реттеу. Зертханалық зерттеулер.

**№2 Тәжірибелік сабақ (4 сағат)** Нәрестенің басының құрылысы және оның негізгі өлшемдері. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрлігі клиникалық антенатальды жүргізу хаттамасына сәйкес жүктілерді әйелдер кеңесінде қарау мен тексеру. Жүктілік физиологиясын зерттеу, ерте жүктілікті анықтау әдістері, қосымша инструменталды зерттеу әдістері. Кеш кезеңдегі жүктілікті анықтау, нақты белгілер, қосымша зерттеулер. Жүкті әйелдерді тексеруді көрсету: әлеуметтік, психомотикалық, эмоционалды проблемаларын анықтау сауалнамалар жүргізу, бактериоскопиялық зерттеуге жағынды алу, сырқы акушерлік зерттеу (Леопольд әдісі). Гравидограмма толтыру. Нәрестенің жүрек қағысын аускультациялау. Фантоммен жұмыс істеу. Соңғы етеккірдің бірінші күні және ұрықтың бірінші қозғалуымен жүктілігінің босану мерзімін анықтау. Жүктілік кезіндегі қатерлі симптомы. Жүкті әйелдің «медициналық шараға ақпараттандырылған келісімі» туралы түсінік. Босану айындағы психопрофилактикалық дайындық, физикалық тиімділігі, өмір сүру салты, тамақтану кеңес беру дағдыларын ойын арқылы жеткізу. Іс ойыны: әңгіме құру және әңгімелесу. «Жүктілік гигиенасы», «Жүкті әйелдің тамақтануы», «Серіктестік босануға дайындау».

**Білім алушының түсінігі болу керек:**

- жүктілікке байланысты әйел ағзасындағы өзгерістер;
- перинатальды ұрықты қорғау;
- дәлелді медицина туралы.

**Білу керек:**

- әйелдің жамбасының анатомиясын, кіші жамбастың жазықтықтарын;
- Соловьев индексі, бөксенің сырт өлшемінің параметрін;
- нәрестенің басының құрылысын;
- жүктілік белгілерін;
- жүктіліктің диагностикалық әдістерін;
- әйелдер кеңесіндегі жүктілікті жүргізу ретін;
- жүктінің құжаттарын толтыруды;
- тиімді перинаталды технологияларды;
- жүктінің гигиенасы мен тамақтануын.

**Жасай алу керек:**

- жүктілікті анықтаудағы қарапайым тестпен анықтау;
- жүктілік мерзімін анықтау үшін соңғы күннің етеккірі мен ұрықтың бірінші қозғалысын бақылау.
- айнамен жатырды және жатыр мойнын қарау (фантомда);
- бактериоскопиялық зерттеу үшін материал алу (фантомда);
- Соловьев индексін өлшеу;
- сыртқы жыныс мүшелерін қарау;
- сыртқы жамбас өлшемдерін анықтау.
- сыртқы акушерлік зерттеу жүргізу (Леопольд тәсілі);
- іштің айналымын және жатыр түбінің биіктігін өлшеп гравидограммаға түсіру;
- нәрестенің жүрек қағысын тыңдау;
- жүктілік кезіндегі босану, тазалық және тамақтану жайлы сұхбаттасу.



## **2.2. Тақырып. Жүктілік патологиясы. Ерте кезеңіндегі токсикоз. Гипертензиялық жағдайлар.**

**№4 дәріс (2 сағат).** Жүктіліктің I-ші және II-ші кезеңіндегі асқынулардың жіктелуі. Жүктіліктің ерте кезеңіндегі токсикоздағы медбикелік күтім. Гипертензивті қалпы. АХЖ - XX бойынша гипертензия преэклампсия, эклампсия кезіндегі жедел көмек және босанудан кейінгі медбикелік үрдісі.

Ұзарған жүктілік, көпұрықтық жүктілік пен резус- қарамақайшылық жүктілік, жүктілік кезіндегі инфекция, оларды анықтау, учаскелік жағдайлар жалпы тәжірибедегі медбикенің тактикасы.

**№ 3. Тәжірибелік сабақ (4 сағат)** Ерте токсикозы басталған әйелдерді күту және дұрыс тамақтану жайлы сұхбаттасу. Жүктіліктің екінші жартысындағы гипертензивті жағдайдағы әйелдерді күту. Білім алушының учаскені акушер-гинеколог дәрігермен бірге жұмыс істеу, жүкті әйелдерді қабылдау: сұрастыру, АҚ өлшеу, дене салмағын өлшеу, ісінуді анықтау, сыртқы акушерлік зерттеу жүргізу, нәрестенің жүрек қағысын тыңдау, түрлі зерттеулерге жолдаманы жазу. Құжаттарды толтыру.

Манекенде үйреніп көрсету: преэклампсияның әр сатысындағы және эклампсиядағы жедел көмекті тренажерда көрсету (жүкті әйелді жатқызу, магнезия сульфатының бастапқы және қалыпты мөлшерін енгізу, эклампсия және эклампсиялық кома кезінде ауызкергіш пен тіл ұстағышты салу). Ситуациялық есептерді шешу.

### **Білім алушының түсінігі болу керек:**

- жүктіліктің негізгі асқынулары туралы;
- ана мен балаға инфекцияның асқынуының әсері.

### **Білу керек:**

- преэклампсия, эклампсияның негізгі көрсеткіштері, диагностикалау әдісі, жедел көмек көрсету принциптері, емдеу және алдын-алу;
- Босанудан кейінгі акушерлік асқынулары бар әйелдерге медбикелік күтім жасау.

### **Жасай алу керек:**

- салмақ қосу мен өлшемін бағалау;
- көзге көрініп тұрған ісіктерді байқау;
- АҚ өлшеу және параметрлерін бағалау;
- тәуліктік зәрдегі ақуыздарды байқауға зәрді жинау;
- нәрестенің жүрек қағысын тыңдау, жиілігін анықтау;
- преэклампсия, эклампсия кезіндегі шұғыл көмек көрсету.

## **2.3. Тақырып. Мерзімінен ерте және мерзімінен ұзарған жүктілік. Жүктілік кезіндегі инфекциялар. Ана мен ұрықтың изосерологиялық қарама-қайшылығы.**

**№ 4. Тәжірибелік сабақ (4сағат)** Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министірлігінің клиникалық хаттамалары мен стандарттарын және ДДҰ(ВОЗ) ұсыныстарымен танысу: жүктіліктің мерзімінен бұрын босану қатері мен мерзімінен асу кезіндегі, көпұрықтық жүктілік, ана мен нәрестенің қандағы изосерологиялық қарама-қайшылық жағдайларда.

Білім алушының жүктілік патологиясы бөлімшесінде посттағы медбикемен жұмыс жасауы танысуы.

### **Білім алушының түсінігі болу керек:**

- жүктіліктің негізгі асқынулары туралы;
- ана мен балаға инфекцияның асқынуының әсері.

### **Білу керек:**



- преэклампсия, эклампсияның негізгі көрсеткіштері, диагностикалау әдісі, жедел көмек көрсету принциптері, емдеу және алдын-алу;
- Босанудан кейінгі акушерлік асқынулары бар әйелдерге медбикелік күтім жасау.

**Жасай алу керек:**

- салмақ қосу мен өлшемін бағалау;
- көзге көрініп тұрған ісіктерді байқау;
- АҚ өлшеу және параметрлерін бағалау;
- тәуліктік зәрдегі ақуыздарды байқауға зәрді жинау;
- нәрестенің жүрек қағысын тыңдау, жиілігін анықтау;
- преэклампсия, эклампсия кезіндегі шұғыл көмек көрсету.

**2.4. Тақырып. Босанудың физиологиясы:**

**- босану биомеханизмі**

**- кезең бойынша босану ағымы және жүргізу**

**№ 5 дәріс (2 сағат).** Босануың басталу себептері. Босану кезеңдері. Нәрестенің дұрыс орналасқандағы және дұрыс келу кезіндегі биомеханизмі. ДДҰ (ВОЗ) халықаралық «Қауіпсіз жүктілік пен босануды қамтамасыз ету» бағдарламасының I, II, III-ші кезеңдерін жүргізу принциптері. Партограмма параметрлері. Жүктілік, босанушы, босанған анаға күтім жүргізу физиопсихоэмоционалды қолдау. Үшінші босану кезеңді тиімді жүргізу. Нәрестенің алғашқы өңделуі. Дамыған және жетілмеген нәресте туралы түсінік. Аппарат шкаласымен бағалау. Нәрестені ерте емшекке салу. Ерте кезеңдегі «теріге тері» тигізудің мағынасы.

**№ 5 Тәжірибелік сабақ (4 сағат)** Босанушыны перзентханаға қабылдау. Анамнез жинау, босану тарихының паспорт бөлімін толтыру. Босанатын әйелді және босану кезіндегі серігін физикалық қолдауға үйрету және кеңес беру. Партограмманы толтыру және жүргізу: босанушының жалпы күйін бақылау, толғақтардың жиілігімен күштілігін анықтау, партограмманың қауіпті параметрлерін анықтау. Нәрестенің күйін бағалау (аускультация көрсеткіштерімен айналадағы судың сипаттамасымен). Жеке босану залдағы және ана мен бала бірге орналасқан палатадағы медбикенің жұмысы. Нәрестені қабылдауға жеке босану палатада жағдай жасау. Қан кету көлемін бағалау әдістері

**Білім алушының түсінігі болу керек:**

- бірінші босану кезеңдеріне байланысты әйелдің ағзасындағы өзгерістерді;
- қауіпсіз ана принциптері;
- жатыр мойының ашылуы сатысы (фантомда).

**Білу керек:**

- босанудың басталуының белгілерін;
- босанушының құжаттарын толтыру;
- қабылдау бөлімшесінде босанатын әйелді қарау схемасы;
- партограмма параметрлерінің нормасы.

**Жасай алу керек:**

- партограмманы толтыру;
- партограмманың қатерлі параметрлерін анықтау;
- босанушы және босанған анаға күн тәртібі мен тамақтану туралы кеңес беру;
- босану кезіндегі серіктеске босанатын әйелге қолдау көрсетуге кеңес беру;
- нәрестенің алғаш өңдеуді жүргізуге қажетті жиынтықты дайындау.

**2.5. Тақырып. Босану патологиясы, кезең бойынша босанудағы ана мен нәрестенің**



**қиын-қыстау жағдайының диагностикасы.**

**№ 6 дәріс (2 сағат).** Босанудың патологиялық ағымы. Партограмманың қатерлі параметрлері, бірінші және екінші кезеңдегі ана мен нәрестенің қауіпті жағдайларды бағалау. Қағанақ судың мерзімінен бұрын кетуі. Босанудың әлсіздік немесе шамадан тыс қарқындылығы. Ауруханадан тыс босану ( үйде, жолда босану ). Нәрестенің иығының дистоциясы. Нәрестенің жамбасымен келгендегі босандыру. Нәрестенің бұрыс орналасуы. Оперативті босандыру: қол әдістері, вакуум арқылы экстракциялау, акушерлік қысқаш салу, кесар тілігі арқылы.

**№ 6 Тәжірибелік сабақ (4 сағат)** Қауіпті параметрлерді партограмманы талдау. Толғақтағы босанатын әйелді бақылау, окситоцин енгізу босануды стимуляция кезіндегі жылдамдығын санау. Босану кезіндегі нәрестенің жағдайын бағалау.

**Білім алушының түсінігі болу керек:**

- бірінші және екінші босану кезеңдеріндегі қатерлер;
- акушериялық жедел тактикасы;
- босанудың патологиялық жағдайдағы медбикелік күтімді ұйымдастыру

**Білу керек:**

- партограмманың қатерлі параметрлерін;
- ауруханадан тыс босанудағы көмек көрсету алгоритімін.

**Жасай алу керек:**

- партограмманың қауіпті параметрлерін белгілеу және бағалау;
- дәрігер жоқ кезде патологиялық босануда шұғыл көмек көрсету;
- нәрестенің иығының дистоциясы және ауруханадан тыс босану кезіндегі жедел көмек көрсету.

**2.6. Тақырып. Нәрестенің бұрыс келуі. Оперативті акушерия.**

**№ 7 Тәжірибелік сабақ (4 сағат).** Нәрестенің иығының дистоциясы және ауруханадан тыс босану кезіндегі жедел көмек көрсетуді фантом арқылы меңгеру. Ана мен нәрестенің жағдайларының көрсеткіштері бойынша оперативті туғызу. Оперативті туғызу құралдарымен танысу. Медикаментозды жансыздандыру. Ситуациялық есептер.

**Білім алушының түсінігі болу керек:**

- бірінші және екінші босану кезеңдеріндегі қатерлер;
- акушериялық жедел тактикасы;
- босанудың патологиялық жағдайдағы медбикелік күтімді ұйымдастыру

**Білу керек:**

- партограмманың қатерлі параметрлерін;
- ауруханадан тыс босанудағы көмек көрсету алгоритімін.

**Жасай алу керек:**

- партограмманың қауіпті параметрлерін белгілеу және бағалау;
- дәрігер жоқ кезде патологиялық босануда шұғыл көмек көрсету;
- нәрестенің иығының дистоциясы және ауруханадан тыс босану кезіндегі жедел көмек көрсету.

**2.7.Тақырып. Босанғаннан кейінгі кезеңінің физиологиясы мен патологиясы.**

**Босанған ана мен нәрестеге күтім көрсету. Емшекпен емізу.**

**№ 7 дәріс (2 сағат).** Босанғаннан кейінгі кезең туралы түсінік, оның ұзақтығы.

Физиологиялық босанғаннан кейінгі кезеңді жүргізу. Емшекпен емізу принциптері.



Жыныс мүшелердің қайта қалыпына келуі. Лохиялар. Сүт бездері және оларды күту. Босанған әйелді бақылау және күту. Емізетін ананың тамақтануы мен жеке гигиенасы. Босанғаннан кейінгі септикалық аурулар, оларды анықтау, жіктеу, алдын-алу шаралар. Медбикелік үрдісін ұйымдастыру.

**№ 8 Тәжірибелік сабақ (4сағат)** Босанған әйелді қараудағы манипуляцияларды көрсету. Муляжда нәрестені емшекке дұрыс салуды және сүтті сауып тастау техникасын көрсету.

**Білім алушының түсінігі болу керек:**

- босанудан кейін әйелдің ағзасындағы өзгерістер;
- нәрестемен бірге бөлме палатасындағы босанған әйелді орналастыру принциптері;
- босанғаннан кейінгі кезеңдегі асқынулар және олардың алдын алу.

**Білу керек:**

- босанудан әйелге күтім жасау принциптері;
- омырау мен емізу принциптері;
- мастит белгілері және оның алдын алу әдістері.

**Жасай алу керек:**

- босанған әйелге нәрестені емшекке дұрыс салу техникасын түсіндіру;
- босанған әйелге маститтің алдын алуды түсіндіру, сүтті сауып тастауға көмек беру;
- сүт бездеріне күтім жасау;
- сыртқы жыныс ағзаларының дәретін жасау;
- шаттағы тігістерді өңдеу.

**2.8.Тақырып. Босанғаннан кейінгі септикалық асқынуларда медбикелік күтім ұйымдастыру.**

**№ 9 Тәжірибелік сабақ (4сағат)** Фантомда босанған әйелді жууды үйреніп қалыптастыру, арасындағы тігістерді өңдеу. Босанғаннан кейінгі бөлімшеде жұмыс істеу: постта, ем-шара кабинетінде, манипуляциялық бөлмелерде.

**Білім алушының түсінігі болу керек:**

- босанудан кейін әйелдің ағзасындағы өзгерістер;
- нәрестемен бірге бөлме палатасындағы босанған әйелді орналастыру принциптері;
- босанғаннан кейінгі кезеңдегі асқынулар және олардың алдын алу.

**Білу керек:**

- босанудан әйелге күтім жасау принциптері;
- омырау мен емізу принциптері;
- мастит белгілері және оның алдын алу әдістері.

**Жасай алу керек:**

- босанған әйелге нәрестені емшекке дұрыс салу техникасын түсіндіру;
- босанған әйелге маститтің алдын алуды түсіндіру, сүтті сауып тастауға көмек беру;
- сүт бездеріне күтім жасау;
- сыртқы жыныс ағзаларының дәретін жасау;
- шаттағы тігістерді өңдеу.

**2.9. Тақырып. Жүктілік, босану, босанғаннан кейінгі кезеңдердегі қан кетулер. № 8 дәріс (2 сағат).** Жүктіліктің бірінші жартысындағы қан кетулер. Түсік тастау, жедел көмек көрсету. Жүктіліктің екінші жартысындағы қан кетулердің себептері (бала жолдасының орналасуы, дұрыс орналасқан бала жолдасының бөлінуі, жатырдағы тігістің келмеуі) медбикенің тактикасы. Босанғаннан кейінгі ерте кезеңдегі қан



кетулердің себептері (бала жолдасының бөлінуінің өзгерістері, босану жолдарының жарақаттары, жатырдың гипотониясы, ДВС-синдромы).

**№ 10 Тәжірибелік сабақ (бсағат).** Акушерлік қан кетулердегі клиникалық хаттамалармен танысу. Түсік кезіндегі жатыр ішін тазалау отасына құралдар жиынтығын, манипуляция үстелін дайындау, муляжда көрсету.

**Білім алушының түсінігі болу керек:**

- акушерлік қан кетулердегі механизмдері мен этиопатогенезін;  
- жүктілік мерзіміне байланысты және көрсеткіштерге байланысты стационар түріне жатқызу көрсеткіштері.

**Білу керек:**

- перинаталды кезеңде қан кету себептерінің жіктелуін;  
- жедел көмек көрсету принциптері және медбикенің тактикасы;  
- постгеморрагиялық синдромы бар пациентті күту, медбикелік үрдіс.

**Жасай алу керек:**

- жатыр ішін тазалау отасына қажетті құралдар дайындау;  
- акушерлік қан кетулерде жоғалтқан қан көлемін өлшеу;  
- бөлінген бала жолдасын қарау;  
- шок индексін формуламен есептеу

**3.0 Тақырып. Геморрагиялық шок. Шұғыл көмек, медбикелік күтім.**

**№ 11 Тәжірибелік сабақ (бсағат).** Симуляциялық орталықта акушерлік қан кетулерде жоғалтқан қан көлемін өлшеу әдістерін қалыптастыру (өлшегіш ыдыс, киім төсеніштерді өлшеу арқылы, дақтың ауданын анықтау арқылы). Түскен бала жолдасының бүтіндігін қарау. Постгеморрагиялық анемиясы бар босанған әйелдерді бақылау және күту. Шок индексін есептеу формуласын қолдану.

**Білім алушының түсінігі болу керек:**

- акушерлік қан кетулердегі механизмдері мен этиопатогенезін;  
- жүктілік мерзіміне байланысты және көрсеткіштерге байланысты стационар түріне жатқызу көрсеткіштері.

**Білу керек:**

- перинаталды кезеңде қан кету себептерінің жіктелуін;  
- жедел көмек көрсету принциптері және медбикенің тактикасы;  
- постгеморрагиялық синдромы бар пациентті күту, медбикелік үрдіс.

**Жасай алу керек:**

- жатыр ішін тазалау отасына қажетті құралдар дайындау;  
- акушерлік қан кетулерде жоғалтқан қан көлемін өлшеу;  
- бөлінген бала жолдасын қарау;  
- шок индексін формуламен есептеу

### **3 БӨЛІМ.ГИНЕКОЛОГИЯДАҒЫ МЕДБИКЕЛІК КҮТІМ**

**3.1. Тақырып. Экстрагениталды патология және жүктілік.**

**№ 1 дәріс (2 сағат).** Жүктілік және жүрек- тамыр, қан, зәр шығару жүйесінің аурулары, кант диабеті, жұқпалы аурулар. Диспансерлі бақылау принциптері. Жүктілікке абсолютті және салыстырмалы қарама-қайшылықтар.

**№1. Тәжірибелік сабақ (4 сағат).** Жанұяны жоспарлау кабинетінде жұмыс істеу. Контрацепция әдістері бойынша кеңес беруді қалыптастыру, контрацепцияның ерекшеліктері оң және теріс әсерлері. Әйелдің қалауы бойынша медициналық аборт және



медициналық пен әлеуметтік көрсеткіштері бойынша жүктілікті үзу. Заманауи қауіпсіз жүктілікті үзу әдістері (медикаментозды, вакуум-аспирация), аборттан кейінгі асқынулар және оларды алдын-алу.

**Білім алушының түсінігі болу керек:**

- жүктілік кезіндегі ЭГА ауруының өршу механизмі ;
- ЭГА-ның декомпенсациясындағы диспансерлі бақылау принциптері;
- Заманауи контрацепция әдістері.

**Білу керек:**

- ЭГА-ның жүктілікке әсері;

**Жасай алу керек:**

